

◆ Баспасөз туры

# СУҒА ТҮСУҒЕ САҚТЫҚ КЕРЕК

Облыстағы су көздерінде адамдардың суға кету фактілерінің жиілеуіне байланысты және шомылу маусымында қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің жедел құтқару жасағының құтқарушылары БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры ұйымдастырды.

Жүрсінгүл ЖАҚЫП

## Құтқару тәсілдерін көрсетті

Іс-шара барысында шомылуға тыйым салынған орындарда рейдтік шаралар өткізілді. Шомылушыларға үгіт-насихат парақшалары таратылып, төтенше жағдайға жол бермеуге бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Бұл күні құтқарушылар іздестіру және құтқару жұмыстары үшін қолданылатын арнайы жабдықтарды, аппараттар мен құрылғыларды, суға батушыны құтқарудың практикалық әдістерін және дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету тәсілдерін көрсетті. Жедел құтқару жасағының және қалалық төтенше жағдайлар басқармасының қызметкерлері журналистерге соңғы жылдардағы статистика және күнделікті жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып берді.

– Судан құтқару жұмысында бір ауысымда 6 құтқарушы, оның ішінде 4 сүңгуір болуы міндетті. Олар үш бағытта жұмыс істейді. Біріншісі іздестіру жұмысын атқарады, екіншісі – жетекші болса, үшіншісі – жанындағы көмекші. Сүңгуірлер жыл

қатар Қаратау мен Жанатас қалаларында 6 адамнан тұратын құтқару бекеттері бар. Олар барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Шақырту түскен кезде бірнеше минуттың ішінде қаланың кай аймағы болсын жетіп, құтқару жұмыстарын жүргізуге мүмкіндігі бар. Сүңгуіршінің әрқайсысы дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсете алады, арнайы дайындық курсынан өткен, – дейді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің жедел құтқару жасағы бастығының орынбасары Қуаныш Әбілқасымов.

Баспасөз турына журналистермен бірге өз топ жетекшісі бар екі судан құтқару бөлімшесі қатысты. Әрқайсысының тиісті көліктері, киімдері мен суасты жұмыстарына қажетті бүкіл құрал-саймандары бар. Бір ауысымның сүңгуірмен іздестіру тобының жетекшісі, бас құтқарушы Мақсат Тұрғынбеков журналистерге сүңгуірдің құрал-саймандарын, суасты іздестіру жұмыстарының қалай жүргізілетінін көрсетіп берді. Мәселен, сүңгуірдің арқасына тағылатын аппараттың салмағы 18 килограмм болатынын, оның жағдайға қарай су астында бірнеше сағат жұмыс істеуге мүмкіндік беретінін білді.

## Бес адам суға кеткен

Биыл өңірде жаздың өткен екі айы өте ыстық болды. Елдің көбі, үлкен-кішісі, балалары бар су жағалап кетті. Алайда көбіміздің суға шомылу кезінде сақтық шараларын сақтауды қаперге ілмейтіміз жасырын емес. Биыл облыстың су айдындарында 4 жазатайым оқиға тіркеліп, 5 адам суға батып кеткен, оның екеуі бала. Қайғылы оқиғалар тыйым салынған жерлерде орын алған. Үш жазатайым оқиғаның орын алуы мен 4 адамның суға кетуі шомылу маусымы кезеңінде тіркелген. Сондай-ақ жедел құтқару жасағының құтқарушылары облыстың су айдындарында 2 баланы құтқарып қалды. Олар үлкендердің қарауынсыз қалып, ағысы қатты Талас өзеніне



батып кете жаздаған. Қуанышқа орай балаларды құтқарушылар дер кезінде байқап, судан аман-есен алып шыққан.

Басқарма офицері Данияр Келістің айтуынша, төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында қала аумағында түскі сағат 12-ден кешкі 8-ге дейін кезекшілікте тұратын 2 мобилді бекет бар. Одан бөлек 6-ықшам ауданы мен «Тектурмас» алқабында екі-екіден қоғамдық құтқарушылар жүреді. Халықтың назарын аудару үшін қазіргі таңда қала аумағында 21 тыйым салу туралы ескерту тақтайшалары мен 6 баннер орнатылған. Апта сайын төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері телерадио арқылы тұрғындарды сақтандырып келеді. Журналистердің қатысуымен ұйымдастырылған бұл жолғы баспасөз турының мақсаты да облыс тұрғындарының назарын су айдындарында қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға аудару болғаны сөзсіз.

## Қауіпсіздік ережелері ескертілді

Жазғы кезеңде төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында су айдындарына бір мыңнан аса рейд және патрульдеу жүргізіліп, қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша тұрғындарға 30 мыңнан астам жадынама мен кітапшалар таратылған. Бұл шараларға департаменттің 2349 қызметкері, 423 полиция қызметкері және 882 ерікті қатысқан. Сонымен қатар оқу орындарында халықпен жиындар, интерактивті сабақтар өткізілген. Облыс

аумағындағы аса қауіпті су айдындарында жедел құтқару жасағының құрамынан 3 мобилді құтқару бекеті қойылып, 55 жасак дайындалған. Өңірде барлығы 15 стационарлық құтқару бекеті құрылып, су қоймаларының түбіндегі қауіпті анықтау мақсатында 9 жағажайға тексеру жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ су айдындарында 40 түгендеу жұмысы жүргізіліп, нәтижесінде облыс аумағында шомылуға рұқсат етілген 12 орын анықталған. Ал шомылуға тыйым салынған орындар саны –



86. Облыс аумағында 40 стационарлық бассейн, балалардың шомылуына арналған 6 орын бар екен.

– Дәл қазіргі уақытта Тараз қаласында рұқсат етілген бір ғана «Зербулак» су айдыны бар, онда бүгінде жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Талас өзенінің барлық аумағында және оның төңірегіндегі су жиналатын су айдындарында негізі шомылуға рұқсат берілмеген. Себебі бұл жерде құтқарушылардан жасақталған бекет жоқ, демалушыларға арналған орындар жабдықталмаған әрі шомылушылардың шекарасы бекітілмеген. Сол себепті мұндай жағалаулардың барлығы «жабайы» болып есептеледі. Сондықтан биылдан бастап полиция қызметкерлерімен бірге күнделікті рейдке шығып, шомылушыларға бірінші кезде ескерту жасап, жыл ішінде сол тұлғалармен екінші рет заң бұзушылық қайталанатын болса айыппұл салынатыны ескертілуде, – дейді Тараз қаласы төтенше жағдайлар басқармасының офицері Данияр Келіс.

Тараз қаласы.

◆ Білім – шырақ

# ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРІБЕ – КӘСІБИ МАМАН ДАЯРЛАУ КЕПІЛІ

Жаһандық ең танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) рейтингтік агенттігі әлемнің жоғары оқу орындары бойынша зерттеудің биылғы нәтижелерін жариялаған болатын. QS аналитикалық есебінде атап өтілгендей, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті 42-орынға ілгерілеп, жаһандық рейтингте 165-орынды иеленді. Сондай-ақ «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» жоғары марапатына ие болды. Яғни ҚазҰУ – «Бес жұлдыз» марапатына ие болған Орталық Азия аймағындағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны.

Бүгінде университет елдік және халықаралық стратегиялық міндеттерді шешуде айтарлықтай әлеуетке ие. Оқу ордасының алдағы даму бағыты – әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналу және халықаралық ғылыми-білім беру кеңістігінде алға жылжу. Әрине, мұндай жетістіктерге жетуде сапалы, тәжірибесі жоғары мамандар мен студенттердің алатын орны айрықша. Университетте білімді теориялық жағынан беріп қана қоймай, зерттеу жүргізу, жобалар жасау, өндірістік тәжірибеден өту сияқты маңызды қадамдарға ерекше назар аударылады.

Теориялық білімді тәжірибемен ұштастырмай алған білімнің толықпайтыны белгілі. Соның ішінде химия саласының студенттері үшін өндірістік тәжірибенің мәні зор. Бұл тұрғыда студент тәжірибелі мамандардың басшылығымен кәсіптік дағдыларын дамытады, білімін жетілдіреді.

Осы орайда еліміздің алдыңғы қатарлы мықты өндіріс орындарымен

байланыс орнатылуда. Студенттер жыл сайын химия саласындағы «ПНХЗ», «Қарашығанақ», «Қазтрансойл», «Coca-Cola» сияқты алпауыт кәсіпорындардан өндірістік тәжірибеден өтуде. Осындай мақсатпен биылғы оқу жоспарына сәйкес химия және химиялық технология факультеті физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының оқытушылары т.ғ.к., доцент А.Батырбаева, х.ғ.к., аға оқытушы Р.Ажигүлова, PhD, доцент м.а. Е.Усипбекованың жетекшілігімен ХИ-309, 310, 311, 312К және ХИ-201Р, 301Р топ студенттері «Қазатомөнеркәсіп» кәсіпорнында өндірістік тәжірибеден өтті.

Қазіргі таңда «Қазатомөнеркәсіп» кәсіпорны 2009 жылдан бастап табиғи уран өндіру саласы бойынша әлемде бірінші орында келеді. Жалпы «Қазатомөнеркәсіп» кәсіпорнының негізгі миссиясы сыртқы және ішкі нарықта өнеркәсіптік (индустрия) кешенін қалыптастыруға бағытталған



өндірістік-технологиялық саясатты жүргізу, атомдық станцияларды жобалауға қатысу, сирек жер металдары негізіндегі ғылымды қажетсінетін технологияны дамыту болып табылады.

Уранды өндіру және қайта өңдеу – компанияның негізгі қызмет бағыттарының бірі. Бүгінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ кәсіпорындар тобының құрамына 22 кеніш кіреді. Табиғи уранның өндірісі экологиялық қауіпсіз және экономикалық тиімді жерасты ұңғымалы шаймалау (ЖҰШ) әдісімен жүргізіледі.

Жерасты ұңғымалы шаймалау – кенді жер бетіне шығармастан, жер қойнауының өзінде өнімді қойыртпаққа айналдыру арқылы игеру әдісі.

Уран өндірудің жерасты ұңғымалы шаймалау әдісі алғаш рет 1960 жылдары қолданылып, 2017 жылы әлемдік уран өндірісінің 50 пайызын құраған. Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда ЖҰШ әдісінің қоршаған ортаға теріс ықпалы аз. Сондай-ақ ол өндірудің барынша төмен өзіндік құнын, өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы жоғары көрсеткіштерді қамтамасыз етеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ЖҰШ әдісі қолданылатын, жылдық өнімділік қуаты 1000 тонналық әлемдегі тұңғыш кенішті әзірлеп, пайдалануға енгізді.

Жалпы қорытындылай келсек, студенттер тәжірибе барысында еліміздің алдыңғы қатарлы өндірісінің маңызды да қарқынды дамып келе жатқан

негізгі жұмыстарымен таныса отырып, көптеген мәліметтер мен тың деректер жинап қайтты. Мамандықтарының қоғам дамуына үлес қоса алатынына көз жеткізіп, осындай өнеркәсіпте жұмыс жасауға деген құлшыныстары артты. Өйткені өндірістік тәжірибе – кәсіби маман дайындаудың кепілі болып табылады.

**А.БАТЫРБАЕВА,  
Е.ПАНОВА,  
Е.УСИПБЕКОВА,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ химия және химиялық технология факультеті физикалық химия, катализ және мұнай химия кафедрасының оқытушылары.